

"Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 96 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1392 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабының 7-тармағына және «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 мамырдағы № 84 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 96 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 213-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің миссиясы мен пайымдауы» деген 1-бөлімнің екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің миссиясы мен пайымдауы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің миссиясы - мәдениет саласында сапалы және қолжетімді қызметтер көрсетуге, мемлекеттік және басқа тілдердің қарқынды дамуына, ұлт бірлігінің нығаюына, мемлекет пен азаматтық сектор әріптестігінің тиімді жүйесін қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатты әзірлеу және т и і м д і і с к е а с ы р у .

Мәдениет министрлігінің пайымдауы - ұлттық бірліктің мызғымас қағидаттары, азаматтық бастамаларды іске асырудың тиімді тетіктері бар жалпыұлттық мәдени және т і л д і к о р т а . » ;

«Ағымдағы жағдайды талдау» деген 2-бөлімде:

«3-стратегиялық бағыт. Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету» деген кіші бөлімде:

екінші, үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:
«Қоғамдық-саяси сала инфрақұрылымының жай-күйі. Республикада 10 саяси партия, 818 этно-мәдени бірлестік (бұдан әрі - ЭМБ), 18 000 астам үкіметтік емес ұйымдар (бұдан әрі - ҰЕҰ) және бірқатар кәсіптік одақтар жұмыс істейді.

Табыстар мен жетістіктер. Елде болып жатқан қоғамдық-саяси процестердің, этносаралық қарым-қатынастардың даму жағдайы мен үрдістерін терең зерделеу мақсатында министрлік жағдайды жүйелі мониторингілеу тетігін дұрыс жолға қойған.

Ел дамуының негізгі басымдықтарын, стратегиялық бағдарламалық құжаттарды түсіндіруге бағытталған ақпараттық-насихаттық іс-шаралар өткізу жөнінде тұрақты жұмыс жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда үш жыл ішінде ақпараттық-насихаттық іс-шаралар жүргізу нәтижесінде бағдарламалық құжаттар мен мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы халықтың хабардарлығы 75-80% шегінде тұр.»;

он үшінші бөлік алынып тасталсын;

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3.1-кіші бөлімде:

«Мемлекеттілікті және ел бірлігін одан әрі нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету» деген 3-стратегиялық бағытта:

«Этносаралық мен конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайту, Қазақстан халқы ассамблеясының рөлін одан әрі арттыру» деген 3.1.1-міндет мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

"

3.1.1-міндет. Этносаралық келісімді сақтау мен нығайту, Қазақстан халқы ассамблеясының рөлін одан әрі арттыру									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері									
Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты оң бағалаған халықтың үлесі	әлеуметтік зерттеулер	%	70	85	86	87	88	89	90
Конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты оң бағалаған халықтың үлесі	әлеуметтік зерттеулер	%	70	75	-	79	82	85	87
Ел бірлігі доктринасын іске асыру шеңберінде өткізілетін толеранттық және этносаралық келісім құндылықтарын насихаттау жөніндегі іс-шаралармен қамтылған ересек халықтың үлесі	өткізілетін іс-шараларға қатысушылардың саны	%	70	75	75,2	75,4	75,6	75,8	76
ҚР тұратын барлық этностардың мәдениеті мен дәстүрін сақтау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік маңызды жобаларды қолдаудың деңгейі	мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру жөніндегі конкурстың нәтижелері	% (жалпы қаржыландыру көлемінен)	-	-	5	5	5	5	5
Дінтану сауаттылығын арттыру жөніндегі үгіт-насихат топтарының қызметінің қамтылған тұрғындардың саны	ҮНТ есебі	адам	18087	21087	-	27087	30087	33087	36087

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар	Жоспарлы кезең				
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Қазақстандық қоғамдағы этносаралық ахуалға тоқсан сайынғы мониторинг	x	x	x	-	-
Ел бірлігі доктринасы аясында іс-шараларды орындау	x	x	x	x	x
ЭМБ-мен, Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп, толеранттық және этносаралық келісім идеяларын насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру	x	x	-	-	-
Өзекті қоғамдық-саяси мәселелер бойынша ЭМБ, Қазақстан халқы Ассамблеясы, шығармашылық одақтар мен ҰЕҰ өкілдерімен отырыстар, кездесулер ұйымдастыру және өткізу	-	x	-	-	-
Қазақстан халқы Ассамблеясының жыл сайынғы сессиясын ұйымдастыру және өткізу	x	x	-	-	-
Этносаралық келісімді насихаттау бойынша имидждік материалдар шығару	x	x	-	-	-
ҚР тұратын барлық этностардың мәдениеттері мен дәстүрлерін дамытуға бағытталған әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру	x	x	-	-	-
Ғалымдарды, діни бірлестіктер мен ҰЕҰ өкілдерін тарта отырып, діни сенім бостандығын қамтамасыз ету және діни экстремизмнің алдын алу мәселелері жөніндегі үгіт-насихат топтарының қызметін ұйымдастыру	-	x	x	x	x
Дін мәселелері бойынша ақпараттық, мерзімді, баспа өнімдерін, ғылыми және басқа әдістемелік материалдар шығару	-	x	x	x	x
Халықаралық, республикалық және өңірлік ғылыми-практикалық конференциялар, семинар-кеңестер өткізу	-	x	x	x	x
Өлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін ұйымдастыруға және өткізуге қатысу	-	x	x	x	x
Тақырыптық бейнефильмдер, бейнероликтер шығару	-	x	x	x	x

”;

«Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту» деген 4-бөлімде:
«Этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайту, Қазақстан халқы ассамблеясының рөлін одан әрі арттыру» деген 3.1.1-міндет мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Этносаралық келісімді сақтау мен нығайту, Қазақстан халқы ассамблеясының р ө л і н одан ә р і а р т т ы р у » ;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7.1-бөлімде:
001 «Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» деген бюджеттік б а ғ д а р л а м а д а :

«Мәдениет, ішкі саяси тұрақтылық, ұлтаралық, конфессияаралық келісім және тіл саясаты саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі стратегиялық саясатты және тиімді салааралық үйлестіруді жүргізу. Ұлттық мәдениетті және басқа халықтардың мәдениетін қайта жандандыру, сақтау, дамыту, қолдану және тарату саласында құқықтық экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін жасау, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту үшін жағдай жасау. Тіл саясаты саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуына бақылауды қамтамасыз ету,

Соңғы нәтиженің көрсеткіштері	техникалармен, жиһаздармен, лицензиялы бағдарламалық өнімдермен қамтамасыз ету								
Сапа көрсеткіштері	Министрлік аппаратының және оның комитеттерінің одан әрі жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықпен жарақтандыру								
Тиімділік көрсеткіштері									
Бюджет шығындарының көлемі		мың теңге		4 161	15000	7 285	6 123		

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

Тікелей нәтиженің көрсеткіштері	Бағдарламалық қамтамасыз етудің шамамен алынған саны			33	50	50	50	50	
	Жиһаздың шамамен алынған саны	комп.		44	35	20	25	25	
	Жабдықтардың және басқа да заттардың шамамен алынған саны, басқалар	дана	7	11	22	22	22	22	
	Қораптық (лицензиялық) бағдарламалық қамтамасыз ету көлеміндегі қазақстандық қамтудың үлесі	%	-	-	2	4	5	7	7
	АТ-жабдық секторы көлеміндегі қазақстандық қамтудың үлесі	%	-	-	2	3	4	5	5
Соңғы нәтиженің көрсеткіштері	Орталық атқарушы орган, оның ведомстволарын компьютерлік және кеңселік техникалармен, жиһаздармен, лицензиялы бағдарламалық өнімдермен қамтамасыз ету								
Сапа көрсеткіштері	Министрлік аппаратының және оның комитеттерінің одан әрі жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықпен жарақтандыру								
Тиімділік көрсеткіштері									
Бюджет шығындарының көлемі		мың теңге		4 161	11 655	7 285	6 123		

»;

031 «Мәдениет және дін саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, дін мәселелері бойынша әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтері» деген бюджеттік бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

«

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі		Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі							
Бюджеттік бағдарлама		031 Мәдениет және дін саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, дін мәселелері бойынша әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтері							
Кіші бюджеттік бағдарлама		100 Діни сенім бостандығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру							
Сипаттау		Азаматтарға діни сенім бостандығын қамтамасыз ету және конфессияаралық қарым-қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша ақпараттық-насихат іс-шараларын өткізу. Діни ахуалдың дамуы, діни сенім бостандығы құқының іске асуы, конфессиялар арасындағы қарым-қатынас мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу.							
Бюджеттік бағдарламаның түрі		Мазмұнына байланысты	Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асыру						
		Іске асыру тәсіліне байланысты	Бір әкімші іске асыратын жеке бюджеттік бағдарлама						
		Ағымдағы/даму	Ағымдағы						
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы		Өлшем бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			2014 ж.	2015 ж.
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	дін мәселелері бойынша шығарылатын ақпараттық, мерзімді, баспа өнімдерінің, ғылыми, әдістемелік материалдардың болжамды таралымы	дана	4000	4000		4000	4000	4000	4000
	халықаралық, республикалық және өңірлік ғылыми-практикалық конференциялардың, семинар -кеңестердің болжамды саны	дана	4	4		4	4	4	4
	геолог-ғалымдарды, заңгерлерді және өзге де ғылыми қызметкерлерді тарту арқылы діни сенім бостандығы мәселелері бойынша	дана	1	1		1	1		1

Тікелей нәтиженің көрсеткіштері	үгіт-насихат топтары өткізетін іс-шаралардың болжамды саны						1		
	бейнефильмдер, бейнероликтер шығару	дана	3	3	3	3	3	3	
	әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге бағытталған діни ахуалға болжамды әлеуметтік зерттеулер мониторингтер жүргізу саны	дана		7		9	9	9	9
	діни ахуалдарды дамытудың зерттеу мен консультациялық жазбаларының, талдамалық есептерінің болжамды саны	дана	2	4		4	4	4	4
Соңғы нәтиженің көрсеткіштері	Конфессияаралық қарым-қатынастар саласында қоғам санасының мемлекеттік саясатты қолдау деңгейі	%	70	75		82	85	85	85
	Қоғамдық санадағы дінтану сауаттылығын арттыру бойынша ақпараттық-насихат іс-шаралары мен қамтылған халық саны	ад.	18 087	21 087		27 087	30 087	30 087	30 087
	Діни ахуалға жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің, мониторинг қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындау	дана		11		11	11	11	11
Сапа көрсеткіштері									
Тиімділік көрсеткіштері									
Бюджет шығындарының көлемі	мың теңге	41 825	21 725		39 175	44 035			
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі			Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі						

Бюджеттік бағдарлама			031 Мәдениет және дін саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, дін мәселелері бойынша әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтері							
Кіші бюджеттік бағдарлама			101 Дін мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу және талдау қызметтері							
Сипаттау			Дін мәселелері және мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастардың дамуы бойынша зерттеулер жүргізу, діни ахуалдың дамуы, діни сенім бостандығы құқының іске асырылуы және діни бірлестіктер қызметі мәселелері бойынша оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу.							
Бюджеттік бағдарламаның түрі			Мазмұнына байланысты				Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға			
			Іске асыру тәсіліне байланысты				Бір әкімші іске асыратын жеке бюджеттік бағдарлама			
			Ағымдағы/даму				Ағымдағы			
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы		Өлшем бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			2014 ж.	2015 ж.	
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Тікелей нәтиженің көрсеткіштері	шығарылатын оқу-әдістемелік материалдардың (оқу, монографиялық әдебиеттер, сөздіктер, энциклопедиялар, ақпараттық бюллетеньдер, арнайы баспа басылымдары) болжамды саны	дана	20	22		24	24	26	26	
Соңғы нәтиженің көрсеткіштері	Конфессияаралық қарым-қатынастар саласында қоғам санасының мемлекеттік саясатты қолдау деңгейі	%	70	75		80	80	85	85	
С а п а көрсеткіштері										
Тиімділік көрсеткіштері										
Бюджет шығындарының көлемі		мың теңге	60 813	53 109		63 797	66 319			
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі			Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі							

031 Мәдениет және дін саласындағы халықаралық

Бюджеттік бағдарлама

			ынтымақтастықты дамыту, дін мәселелері бойынша әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтері						
Кіші бюджеттік бағдарлама			102 Мәдениет және дін саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу						
Сипаттау			Мәдениет пен дін саласында Қазақстанның халықаралық аренадағы оң имиджін арттыру этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық идеясын насихаттау бойынша іс- шаралар өткізу						
Бюджеттік бағдарламаның түрі			Мазмұнына байланысты	Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға					
			Іске асыру тәсіліне байланысты	Бір әкімші іске асыратын жеке бюджеттік бағдарлама					
			Ағымдағы/даму	Ағымдағы					
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы		Өлшем бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			2014 ж.	2015 ж.
			2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.		
Тікелей нәтиженің көрсеткіштері	Мәдениет пен дін саласындағы зерттеу есептерінің және консультациялық жазбалардың, талдамалық есептердің болжамды саны	дана	9	10		11	11	12	12
	Шығарылатын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік материалдар атауларының болжамды саны	дана	30	20		23	23	23	23
Соңғы нәтиже көрсеткіштері	Қоғамдық санадағы конфессияаралық қарым-қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты қолдау деңгейі	%	70	75		80	80	80	80
С а п а көрсеткіштері									
Тиімділік көрсеткіштері									
Бюджет шығындарының көлемі		мың теңге	85 468	82 557		98 511	99 255		

»;

«Бюджеттік шығындардың жиынтығы» деген 7.2-бөлімде:
«2011 жыл» деген бағанда:

«Бюджет шығындарының барлығы» деген жолдағы «41 189 511» деген сандар «40 832 513» деген сандармен ауыстырылсын;
«Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген жолдағы «18 792 782» деген сандар «18 435 784» деген сандармен ауыстырылсын;
«001 Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» деген жолдағы «563 215» деген сандар «406 257» деген сандармен ауыстырылсын;
«002 Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің күрделі шығыстары» деген жолдағы «15 000» деген сандар «11 655» деген сандармен ауыстырылсын;
«031 Мәдениет және дін саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, дін мәселелері бойынша әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтері деген жолдағы «196 695» деген сандар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов